

Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 536 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 ақпандағы
№ 50 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2015 № 50 қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі
Заңының 4-бабының 14) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидалары
б е к і т і л с і н .

2. "Білім беру мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы № 213 қаулысының (
Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 12, 19-құжат) күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі *Қазақстан Республикасының*
К. Мәсімов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 7 с ә у і р д е г і
№ 5 3 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі –
Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27
шілдедегі Заңының 4-бабының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім
беру мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер пайдаланылады:

1) білім беру мониторингі – білім беру процестерін жүзеге асырудың

жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингілік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау ж а н е б о л ж а у ;

2) ұлттық жинақ – әкімшілік деректердің мәліметтеріне сәйкес өткен жылдың қорытындылары бойынша іріктелген негізгі индикаторлар мен көрсеткіштер негізінде білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуын сипаттайтын ақпараттық статистикалық жария құжат ;

3) ұлттық баяндама – мемлекеттік статистика мен әкімшілік деректердің мәліметтеріне сәйкес өткен жылдың қорытындылары бойынша іріктелген индикаторлар мен көрсеткіштер негізінде білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуын сипаттайтын талдамалық жария құжат ;

4) білім беру сапасы – білім беру жүйесін сипаттайтын және нақты қол жеткізуге болатын білім беру нәтижелерінің, білім беру жүйесінің жұмыс істеу шарттарының нормативтік талаптарға, әлеуметтік және тұлғалық межелерге сәйкестік дәрежесін көрсететін көрсеткіштер жиынтығы ;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган – білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы (бұдан әрі – уәкілетті орган).

3. Білім беру мониторингі білім беру саясатын әзірлеу мен іске асыруды ақпараттық қолдау, білім беруді басқару органдарын Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жағдайы туралы өзекті, толық, дұрыс және үнемі жаңартылып отыратын ақпаратпен қамтамасыз ету, білім берудің дамуын талдау және болжау үшін қажетті ақпараттық база қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

2. Білім беру мониторингін жүзеге асыру тәртібі

4. Білім беру мониторингі ұлттық қауіпсіздік органдарының ведомстволық білім беру жүйесінен басқа білім беру жүйесінің сапасын сырттай және іштей бағалау үшін, оның ішінде халықаралық индикаторлармен (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), ЮНЕСКО) салыстыру үшін статистикалық және талдамалық бағалау көрсеткіштері кешені негізінде жүзеге асырылады. Бағалау осы Қағидаларға қосымшада көрсетілген индикаторларға с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

5. Білім беру мониторингін жүргізу:

1) мемлекеттік статистика материалдарының және уәкілетті органның шешімімен бекітілген және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен келісілген әкімшілік деректер нысандары ;

2) м ы н а л а р д ы ң :

білім беру ұйымдарын аттестаттау, аккредиттеу және лицензиялау;
педагог және басшы кадрлардың біліктілігін арттыру және аттестаттау;
білім беру ұйымдарын саралау;
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушыларға біліктілік
б е р у ;

талдамалық және әлеуметтік зерттеулер барысында алынған құжаттар мен
материалдардың негізінде ұдайы бақылау мен деректер жинақтауды
ұ й ы м д а с т ы р у д ы к ө з д е й д і .

6. Мониторингтің төрт деңгейлі сатылы құрылымы бар:

б і р і н ш і д е ң г е й :

1) уәкілетті орган білім беру мониторингінің барлық рәсімдерінің
ұйымдастырушылық-әдістемелік және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз
етілуін салалық үйлестіруді жүзеге асырады, барынша негізделген және жағдай
талаптарына барабар басқарушылық шешімдер үшін білім беру мониторингінің
негізгі бағыттары мен қорытындыларын жалпы талдауды айқындайды, оқу
жетістіктеріне сырттай бағалау жүргізу тәртібін бекітеді;

2) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жалпы мемлекеттік
статистикалық байқаулардың деректерін ұсынады;

3) ведомстволық бағынысты ұйымдар әкімшілік деректер бойынша қажетті
мәліметтерді ұсынады, өздерінің құзыретіне кіретін шешімдер қабылдау үшін
зерттеулерге, білім беру мониторингінің нәтижелерін талдауға қатысады;

екінші деңгейді облыстық, Астана, Алматы қалаларының білім басқармалары,
сондай-ақ жоғары оқу орындары, республикалық орта, техникалық және кәсіптік
білім беру ұйымдары жүргізеді. Облыстық, Астана, Алматы қалаларының білім
басқармалары өз өңірінде мониторинг жүргізу туралы шешім қабылдайды;

үшінші деңгейді аудандық (қалалық) білім бөлімдері жүзеге асырады;
төртінші деңгей мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі
орта, орта (жалпы орта, техникалық және кәсіптік) және орта білімнен кейінгі
білім беру ұйымдарының деңгейінде өткізіледі.

7. Индикаторлар бойынша мәліметтер мен есептілікті уәкілетті органға жыл
с а й ы н :

1) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі – есепті кезеңнен кейінгі
жылдың қаңтарында, наурызында, сәуірінде, мамырында;

2) облыстық, Астана, Алматы қалаларының білім басқармалары, жоғары оқу
орындары және республикалық білім беру ұйымдары мен ведомстволық
бағынысты ұйымдар әкімшілік деректерді жинақтауға арналған нысандар мен
мерзімдерге с ә й к е с ұ с ы н а д ы .

8. Уәкілетті орган білім беру мониторингінің қорытындыларын шығаруды

ж ы л

с а й ы н :

1) есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін ұлттық жинақ түрінде;
2) есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 тамызына дейін Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы ұлттық баяндама түрінде жүзеге асырады.

9. Деңгейлердің мониторингілік жүйелерінің жұмыс істеуінің келісімді болуы үшін компьютерлік желі түрінде бірыңғай ақпараттық жүйе құрылады, ақпаратты жинақтаудың, берудің және сақтаудың автоматтандырылған рәсімі енгізіледі.

10. Білім беру мониторингінің субъектілері білім беру мониторингінің деректерін қалыптастырып, қағаз жеткізгіште және электрондық форматта ұ с ы н а д ы .

11. Білім беру мониторингінің нәтижелерін талдауға жұмыс берушілер, ата-аналар қауымдастығының өкілдері тартылады.

Б і л і м б е р у м о н и т о р и н г і н
ж ү з е г е а с ы р у қ а ғ и д а л а р ы н а
қосымша

Білім беру мониторингі индикаторларының тізбесі

№	№	Индикаторлар	Мерзімі	Тақырыптық блоктар
1	2	3	4	5
1.	1	24-65 жастағы халықтың білім деңгейі, %	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың қаңтары	Білім беру контексі
	2	Алған білімінің деңгейі бойынша жұмыс істеушілер үлесі (барлық еңбекке жарамды тұрғындарға шаққанда), %	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың наурызы	
	3	Экономикалық белсенді халықтың білім деңгейі, %		
	4	Соңғы 5 жылдағы халықтың туу динамикасы, адам	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың сәуірі	
	5	Қазақстандағы 6-24 жастағы тұрғындарды біліммен қамтудың жиынтық үлесі, %	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың мамыры	
	6	Республикадағы бастауыш біліммен қамтылған оқушылар саны (БЖХС 1), адам		
	7	Республикадағы орта біліммен қамтылған оқушылар саны (БЖХС 2/3), адам		
	8	Республикадағы оқушылар санының серпіні (соңғы 5 жылда): бастауыш білім (БЖХС 1), адам		
	9	Республикадағы оқушылар санының серпіні (соңғы 5 жылда): негізгі орта, жалпы орта білім (БЖХС 2/3), адам		
	10	Мектепке дейінгі тәрбиенен және оқытумен қамту (1 жастан 6 жасқа дейін, 3 жастан 6 жасқа дейін), %		

11	Мектепалды даярлықпен қамту (5-6 жас), %
12	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балалардың саны және жас ерекшелік құрамы, адам
13	Балабақшалардың жалпы санынан жекеменшік балабақшалардың үлесі, %
14	Мектепке дейінгі ұйымдардағы топтардың орташа толықтығы, адам
15	Сыныптардың орташа толықтығы: бастауыш білім (БЖХС 1), адам
16	Сыныптардың орташа толықтығы: негізгі орта білім (БЖХС 2), адам
17	10-11(12) сыныптардың орташа толықтығы: жалпы орта білім (БЖХС 3), адам
18	Бастауыш мектепті бітірген күндізгі жалпы білім беретін мектеп оқушылары, адам
19	Негізгі орта білім туралы куәлік алған күндізгі жалпы білім беретін мектеп оқушылары, адам
20	Жалпы орта білім туралы аттестат алған күндізгі жалпы білім беретін мектеп оқушылары, адам
21	Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жалпы санынан қосымша біліммен қамтылған жалпы білім беретін мектеп оқушыларының үлесі, %
22	Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша мектептер базасында жұмыс істейтін үйірмелер саны, бірлік
23	Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жалпы санынан спорттық секциялармен қамтылған жалпы білім беретін мектеп оқушыларының үлесі, %
24	Мектеп базасындағы спорттық секциялардың саны, %
25	Жалпы білім беретін мектептердегі даму мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың жалпы санынан инклюзивті біліммен қамтылған жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың үлесі, %
26	Инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептер саны, бірлік
27	Мектептердің жалпы санынан авариялық жағдайдағы мектептердің үлесі, %
28	Оқушы орнының тапшылығы, орын
29	Үш ауысымда сабақ жүргізетін мектептер үлесі, %
30	ТЖКБ жүйесінде енгізілген оқушы орындарының саны, орын
31	Оқушылардың жалпы санынан оқулықпен қамтамасыз етілген оқушылардың үлесі, %
32	10 және одан көп күн дәлелді себепсіз мектепке бармай жүргендігі анықталған балалардың саны, адам
33	Тасымалдауға мұқтаж балалардың жалпы санынан мектебі жоқ елді мекендердегі жайлы тасымалдаумен қамтылған балалардың үлесі, %

Есепті жылдың қыркүйек-желтоқсаны

2.

34	Мектептердегі оқушылардың жалпы санынан ыстық тамақпен қамтылған балалардың үлесі, %
35	Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылардың жалпы санынан тегін ыстық тамақпен қамтылған аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың үлесі, %
36	Кең жолақты Интернетке қосылған мектептер саны, бірлік
37	Компьютерлік техниканың оқушылар санына арақатынасы, бірлік
38	Оқушылардың жалпы санынан 12 жылдық оқыту бойынша білім беру бағдарламаларымен қамтылған оқушылар үлесі, %
39	ТжКБ ұйымдарында білім алушылардың саны (БЖХС 3), адам
40	Типтік жастағы халықтың жалпы санынан 14-24 жастағы жастарды ТжКБ-мен қамту үлесі, %
41	ТжКБ ұйымдарына білім алушыларды қабылдау, адам
42	ТжКБ ұйымдарын білікті мамандардың бітіруі, адам
43	Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған бітірушілердің жалпы санынан ТжКБ оқу орындарында мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмыспен қамтылған және жұмысқа орналасқан бітірушілердің үлесі, %
44	ТжКБ бітірушілерінің жалпы санынан жұмысқа орналасқан бітірушілердің үлесі, %
45	ТжКБ ұйымдарында білім алушылардың жынысы, жас ерекшелігі және оқу нысаны бойынша құрылымы, адам
46	Білім деңгейлері бойынша Қазақстандағы білім алушылар саны, адам
47	Республикадағы білім алушылар санының серпіні (соңғы 5 жылда): техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім (БЖХС 3, 5/6), адам
48	Қазақстандағы студенттердің жалпы санындағы шетелдік студенттердің үлес салмағы: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім (БЖХС 5/6), %
49	ЖОО бітірушілерінің жалпы санынан мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан ЖОО бітірушілерінің үлесі, %
50	ЖОО бітірушілерінің жалпы санынан жоғары оқу орындары бөлінісіндегі жұмысқа орналасқан бітірушілердің үлесі, %
51	Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған бітірушілердің жалпы санынан мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған, ЖОО-ны бітіргеннен кейін алғашқы жылы мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан жоғары оқу орындарын бітірушілердің үлесі, %
52	Жоғары оқу орындары студенттерінің құрамындағы әйелдердің саны, адам
53	Жоғары оқу орындары студенттерінің жынысы, жас ерекшелігі және оқу нысаны бойынша құрылымы, адам

Білімнің ауқымдылығы мен қолжетімділігі, қатысу және ілгерілеу

	54	Оқыту нысандары бойынша жоғары оқу орындары студенттерінің саны, қабылдануы және мамандардың бітіруі, адам	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың қаңтары				
	55	Магистранттардың құрамындағы әйелдердің саны, адам					
	56	Магистранттардың жынысы және жас ерекшелік топтары бойынша құрылымы, адам					
	57	Магистранттардың саны, қабылдау және магистратураны бітіру, адам					
	58	Магистратураны бітірушілердің жалпы санынан магистратураны магистрлік жұмысты қорғаумен аяқтағандардың үлес салмағы, %					
	59	PhD докторанттарының құрамындағы әйелдер саны, адам					
	60	PhD докторанттарының жынысы және жас ерекшелік топтары бойынша құрылымы, адам					
	61	PhD докторантураны жалпы бітірушілерден PhD докторантураны диссертация қорғаумен аяқтағандардың үлес салмағы, %					
	62	Іске асырылып жатқан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламаларының саны, бірлік					
	63	Бір оқытушыға шаққандағы студенттер саны, адам					
	64	Бір оқытушыға шаққандағы магистранттар мен докторанттар саны, адам					
	65	Штаттық оқытушылар санынан ғылыми дәрежесі мен атағы бар оқытушылар үлесі, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың негізгі және бейіндік пәндері бойынша, %					
	3.	66			Ішкі жалпы өнімге пайызбен алғанда республикадағы білімге жұмсалатын шығыстар, %	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың ақпаны	Білімге инвестициялан-ға қаржы ресурстары
		67			Республикадағы білімге жұмсалатын мемлекеттік шығыстар, млрд. теңге		
		68			Білім деңгейлері бойынша бір білім алушыға шаққандағы республикадағы білімге жұмсалатын шығыстар, мың теңге		
69		Білім деңгейлері бойынша білімге жұмсалатын мемлекеттік шығыстар, млрд. теңге					
70		Білім беру жүйесінің ақылы қызметтерінің көлемі, мың теңге					
71		Білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалатын үй шаруашылықтарының шығыстары, теңге	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың сәуірі				
72		Білім беруге жұмсалатын үй шаруашылықтарының шығыстары, теңге					
73		Экономикалық қызмет түрлері бойынша білім қызметкерлерінің орташа айлық номиналды есептелген жалақысы, теңге	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың мамыры				
	74	Оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың нәтижелері Жаратылыстану-математика циклінің пәндері бойынша тестік тапсырмалардың жалпы санынан 50%-дан жоғары нәтиже көрсеткен бастауыш мектеп оқушыларының үлесі, %					
		Тестіленушілердің жалпы санынан барлық пәндер бойынша тестік тапсырмалардың 75% шектік деңгейінен өте алмаған					

4.	75	негізгі орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлесі, %	Есепті жылдың шілдесі
	76	Тестіленушілердің жалпы санынан барлық пәндер бойынша тестік тапсырмалардың 75% шектік деңгейінен өте алмаған студенттердің үлесі, %	
	77	Тестіленушілердің жалпы санынан қазақ тілі бойынша тестік тапсырмалардың 75% шектік деңгейінен өте алмаған білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлесі, %	
	78	Қатысушылардың жалпы санынан кәсіптік даярлық пен біліктілік беру деңгейін бағалаудан бірінші реттен өткен ТЖКБ бітірушілерінің үлесі, %	Есепті жылдың желтоқсаны
	79	Қатысушылардың жалпы санынан жұмыс берушілер қоғамдастығында біліктілікті тәуелсіз бағалаудан бірінші реттен өткен ЖОО бітірушілерінің үлесі, %	
	80	PISA, TIMSS, PIRLS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріндегі қазақстандық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының нәтижелері	
	81	Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелері Республика бойынша ҰБТ пәндері бойынша орташа балл, балл	
82	ҰБТ-ға қатысушылардың жалпы санынан ҰБТ нәтижелері бойынша шектік деңгейден өтпеген бітірушілер үлесі, %		
83	Үміткерлердің жалпы санынан ҰБТ нәтижелері бойынша "Алтын белгі" жалпы орта білім туралы аттестатын растаған бітірушілер үлесі, %		
84	Кешенді тестілеу (КТ) нәтижелері Тестіленушілердің жалпы санынан КТ бойынша шектік деңгейден төмен балл алған талапкерлер үлесі, %		
85	Республикалық және халықаралық деңгейдегі интеллектуалдық жарыстарға қатысу қорытындылары Халықаралық олимпиадаларда және ғылыми жарыстарда жүлделі орындарға ие болған жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың саны, адам	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың қаңтары	
86	Қатысушылардың жалпы санынан халықаралық, республикалық пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болған жүлдегерлердің үлесі, %		
87	Кадрларды даярлау сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру Өңірлер бойынша бастауыш білім сапасы (әлеуметтанушылық зерттеулер), өңірдің рейтингтегі орны		
88	Математика мен жаратылыстану ғылымдары бойынша білім сапасы (таңдамалы бақылау қимасындағы зерттеулер), өңірдің рейтингтегі орны		
89	Өңірлер бойынша жалпы орта білім сапасы (әлеуметтанушылық зерттеулер), өңірдің рейтингтегі орны		
90	Өңірлер бойынша ТЖКБ сапасы (әлеуметтанушылық зерттеулер), өңірдің рейтингтегі орны		

91	Жоғары білім сапасы (әлеуметтанушылық зерттеулер), рейтингтегі орны	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың қаңтары	
92	Менеджмент/басқару мектептерінің сапасы (әлеуметтанушылық зерттеулер)		
93	Білім беру саласындағы ақпаратқа халықтың қолжетімділігі (сайттар бойынша зерттеу), рейтингтегі орны		
94	Мемлекеттік мектептердің жалпы санынан электрондық оқыту жүйесін (e-learning) енгізген мектептердің үлесі, %		
95	ТжКБ ұйымдарының (мемлекеттік) жалпы санынан электрондық оқыту жүйесін енгізген ұйымдардың үлесі, %		
96	ТжКБ-нің мемлекеттік оқу орындарының жалпы санынан қазіргі заманғы оқу жабдықтарымен жарақтандырылған ТжКБ-нің мемлекеттік оқу орындарының үлесі, %		
97	ЖОО студенттерінің жалпы санынан жұмыс берушілер мен шетелдік инвесторлардың қаражаты есебінен техникалық мамандықтарда оқитын студенттердің үлесі, %		
98	Жұмыс берушілермен кейіннен жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін өндірістік практика базаларымен қамтамасыз ету үшін шарт жасасқан ЖОО-лардың үлесі, %		
99	Индустриялық-инновациялық даму шеңберінде кадрлар даярлауды жүзеге асыратын ЖОО-лардың жалпы санынан қазіргі заманғы зертханалық жабдықтармен жарақтандырылған ЖОО-лардың үлесі, %		
100	Баспанаға мұқтаж студенттердің жалпы санынан жатақханаларда үй-жайлармен қамтамасыз етілген студенттердің үлесі, %		
101	Елдің жетекші ЖОО-ларына тартылған шетелдік ғалымдардың, оқытушылар мен консультанттардың саны, адам		
102	Соңғы 5 жыл ішінде импакт-факторлы ғылыми журналдарда жарияланымдары бар ЖОО-ның профессор-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің үлесі, %		
103	Білім беру ұйымдарының жалпы санынан қамқоршылық кеңестер құрған ұйымдардың үлесі, %		
104	ЖОО-лардың жалпы санынан отандық ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізудің негізінде білім мен ғылымды кіріктіру арқылы инновациялық қызметті жүзеге асыратын ЖОО-лардың үлесі, %	Есепті жылдың қыркүйек-желтоқсаны	Білім беру сапасы бағалау және бақылау
105	Үлгерімді ағымдағы бақылау және білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері Білім беру деңгейлері бойынша облыстар бөлінісінде ағымдағы үлгерім қорытындылары бойынша "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық", "қанағаттанарлықсыз" баға алған оқушылар саны, адам		
106	Жалпы білім беретін мектеп бітірушілерінің жалпы санынан жалпы орта білім туралы үздік аттестат алған жалпы білім беретін мектеп бітірушілерінің үлесі, %		

107	ТжКБ ұйымдары бітірушілерінің жалпы санынан үздік диплом алған бітірушілердің үлесі, %		
108	ЖОО бітірушілерінің жалпы санынан үздік диплом алған бітірушілердің үлесі, %		
109	Білім беру ұйымдарын аттестаттау, аккредиттеу және лицензиялау нәтижелері Соңғы 5 жылда мемлекеттік аттестаттаудан өткен білім беру ұйымдарының саны, бірлік	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың қаңтары	
110	Аттестатталғандардың жалпы санынан мемлекеттік аттестаттаудан өтпеген білім беру ұйымдарының үлесі, %		
111	ЖОО-дағы мемлекеттік аттестаттаудан өтпеген мамандықтар саны, бірлік		
112	Колледждердің жалпы санынан ұлттық институционалдық аккредиттеу рәсімінен өткен колледждердің үлесі, %		
113	Танымал шетелдік агенттіктерде халықаралық аккредиттеуден өткен ЖОО-лардың саны, бірлік		
114	Аккредиттелген оқу орындарының саны, бірлік		
115	Аккредиттелген білім беру бағдарламаларының саны, бірлік		
116	ЖОО-лардың жалпы санынан халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық институционалдық аккредиттеуден өткен ЖОО-лар үлесі, %		
117	ЖОО-лардың жалпы санынан халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық мамандандырылған аккредиттеуден өткен ЖОО-лар үлесі, %		
118	Педагог және басшы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды аттестаттау нәтижелері Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы мұғалімдердің жалпы санынан білім деңгейі, біліктілігі, стажы, жасы, жынысы, санаты бойынша мұғалімдердің үлесі, %		Есепті жылдың қыркүйек-желтоқсаны
119	Мұғалімдердің жалпы санынан соңғы 5 жылда біліктілігін арттырған мұғалімдердің үлесі, %		
120	Педагогтердің біліктілігін арттырудың жаңа жүйесі бойынша біліктілігін арттырған педагогтердің үлесі ("Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ның педагогикалық шеберлік орталықтары, "Өрлеу" ұлттық біліктілікті арттыру орталығы)		
121	Білім беру ұйымдары басшыларының жалпы санынан менеджмент саласында біліктілігін арттырған және қайта даярлаудан өткен басшылардың үлесі, %		
122	Шағын жинақты мектептердегі мұғалімдердің сапалық құрамы, адам		
123	Жалпы білім беретін мектептердің (қалалық, ауылдық жерлердегі), ТжКБ ұйымдарының педагог қызметкерлерінің, ТжКБ ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлерінің сапалық құрамы, адам		
124	Облыстар, аудандар бойынша мамандықтар бөлінісіндегі республиканың мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептеріндегі педагог кадрларға деген қажеттілік туралы мәліметтер, адам		

125	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің (қалалық және ауылдық мекендер) педагог қызметкерлерінің білім беру деңгейі, адам	
126	1-4 сыныптардағы мұғалімдердің жалпы санынан орта және жоғары кәсіптік білімі бар олардың үлесі, %	
127	Жаратылыстану-математика циклі мұғалімдерінің жалпы санынан орта және жоғары кәсіптік білімі бар олардың үлесі, %	
128	ЖОО-лардың штаттық профессорлық-оқытушылық құрамының жалпы санынан ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы (ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторлары) бар штаттық профессорлық-оқытушылық құрамның үлесі, %	
129	ЖОО-лардың штаттық оқытушылық құрамының жалпы санынан академиялық дәрежесі бар (магистр, PhD докторы) штаттық оқытушылық құрамның үлесі, %	
130	Білім беру жүйесіндегі педагог және басшы, ғылыми-педагог кадрлардың біліктілігін арттыруы туралы мәліметтер, адам	
131	ТжКБ ұйымдарының инженер-педагог кадрларының жасы, стажы, білімі және санаты бойынша сандық және сапалық құрамы, адам	
132	ТжКБ ұйымдарындағы педагог кадрларға деген қажеттілік туралы мәліметтер, адам	
133	Жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамының жас ерекшелік құрамы, адам	
134	Білім беру ұйымдарында оқытушыларды жынысы мен жасына қарай бөлу, адам	
135	Біліктілікті арттыру жүйесі мамандарының жалпы санынан академиялық және ғылыми дәрежелері бар мамандардың үлесі, %	
136	Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүзеге асыратын педагогтер саны, адам	
137	Инновациялық ғылыми-педагогикалық жобаларды енгізген (енгізілген немесе жалпы білім беретін мектептерде практикада сынақтан өткен) мектептер саны, бірлік	
138	Білім беру ұйымдарын саралау нәтижелері Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының рейтингісі ЖОО-лардың жалпы санынан Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының ұлттық рейтингісіне қатысқан жоғары оқу орындарының үлесі, %	Есепті жылдың шілдесі
139	Әлемдік үздік университеттердің рейтингісінде белгіленген қазақстандық ЖОО-лардың саны, бірлік	
140	Қазақстандық ғалымдар жарияланымдарының жалпы санынан әлемнің жетекші рейтингтік ғылыми журналдарындағы жарияланымдардың үлесі, %	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БЖХС – білім беру жіктеуіштерінің халықаралық стандарты
ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім
ЖОО – жоғары оқу орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК